

«2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі
республикалық бюджеттің атқарылуы
және әлеуметтік-экономикалық даму
қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы
ҚРҰБ Төрағасының орынбасары
Б. Шолпанқұловтың баяндамасы

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

Қыркүйек айында жылдық инфляция көрсеткішінің баяулау үрдісі жалғасты. Инфляциялық процестердің жалпы позитивті динамикасын ескере отырып, Ұлттық Банк базалық ставканы **16%-ке дейін 0,5 пайыздық тармаққа** төмендету туралы шешім қабылдады.

2-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

Қыркүйек айының қорытындысы бойынша, Қазақстанда **іскерлік белсенділік индексі** төмендеді және **49,0** мәнінде теріс аймаққа өтті. Индекстің едәуір төмендегені құрылыс саласында байқалып, көрсеткіш **48,5** мәніне дейін төмендеді.

Бизнес-климат индексі біраз төмендегенімен, көрсеткіш оң қалпында қалды. **Ағымдағы** бизнес жағдайды бағалау көрсеткіші жақсарды. Алайда, **болашақ** бизнес жағдайға қатысты оптимизм төмендеді.

3-СЛАЙД. ЖЫЛДЫҚ ИНФЛЯЦИЯ ЖЕТІ АЙ БОЙЫ ТӨМЕНДЕУДЕ

Жылдық инфляция жеті ай қатарынан төмендеп келеді. Оның бүгінгі деңгейі – **11,8%**. Жылдық инфляция қатаң ақша-кредит саясаты жағдайлары мен 2022 жылғы жоғары базаның аяқталуы, жаһандық инфляциялық қысым мен өндіріс

шығындарының төмендеуі аясында баяулады.

Инфляция құрылымында **барлық** компоненттің өсу қарқыны баяулады.

Айлық инфляция да **0,6%-ке** дейін бәсеңдеді. Алайда, айлық инфляцияның өсу қарқыны әлі де орташа мәннен айтарлықтай жоғары қалыптасып келеді.

4-СЛАЙД. АЗЫҚ-ТҮЛІК ИНФЛЯЦИЯСЫ БАЯУЛАЙ ТҮСУДЕ

Азық-түлік инфляциясы 11,4%-ке дейін төмендеді. Себебі **нан, жарма, сүт өнімдері, ет пен қант** бағасының өсу қарқыны да тежелді. Ауыл шаруашылығы салаларында да тамақ өнімдерін өндірушілердің бағаны төмендеткені сезілді. **Жеміс-жидек пен көкөніс** маусымдық кезеңге байланысты арзандады. Бірақ оның арзандау қарқыны әдеттегіден төмен. Осылайша, азық-түлік тауарларының айлық инфляциясы өткен жылдармен салыстырғанда жоғары қалыптасып отыр.

5-СЛАЙД. АЗЫҚ-ТҮЛІККЕ ЖАТПАЙТЫН ИНФЛЯЦИЯ ДА БАЯУЛАУДА

Азық-түлікке жатпайтын инфляция да қыркүйекте баяулап, **12,1%** мәнді көрсетті. Өткен жылғы жоғары базаның ықпалы аяқталғандықтан, **жеке пайдалануға арналған тауарлар, тұрмыстық заттар, құрылыс материалдары мен дәрі-дәрмек** бағасының жылдық өсімі баяулап келеді.

Отынға бөлшек сауданың шекті бағасы өсті. Кейін реттелмейтін отын түрлеріне баға шарықтап, **жанар-жағармайдың** азық-түлікке жатпайтын инфляциядағы үлесі арта түсті.

Қыркүйекте **киім-кешек пен аяқ киімнің, дәрі-дәрмек пен қатты отынның** бағасы өсті. Есесіне, тұрмыстық бұйымдардың

бағасы төмендегенін көрдік.

6-СЛАЙД. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР ИНФЛЯЦИЯСЫ БАЯУЛАДЫ

Ақылы қызметтердің инфляциясы шілде-тамыз аралығында жеделдегеннен кейін өткен жылғы жоғары базаның шығуы есебінен қыркүйекте 11,9%-ке дейін баяулады.

«Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында іске асырылатын тұрғын үй коммуналдық қызметтер тарифінің өсімі қыркүйекте – 0,4%-ке, жылдық мәнде – 13,6%-ке дейін баяулады.

Реттелмейтін қызметтердің бағасы өсу үрдісін сақтап қалды. Жаңа оқу жылының басталуына байланысты **білім беру** қызметтерінде де баға тез өсті. Бұдан басқа, **жалдау ақысының, көлік пен амбулаториялық қызметтердің** құны да өсе түскені байқалды.

7-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Қыркүйекте **теңге** бағамы **3,4%-ке** әлсіреп, 1 доллар үшін **474,99** теңгеге дейін барды. Теңгенің әлсіреуіне бірқатар сыртқы және ішкі факторлар ықпал етті.

Біріншіден, АҚШ доллары жаһандық деңгейде нығайды. АҚШ долларының индексі дамыған елдердің валюта қоржынына қарсы қыркүйекте **2,5%-ке** күшейді.

Екіншіден, бюджет қаражатын игеру және жобаларды іске асыру циклінің өсуіне байланысты **импорттаушылардың** маусымдық сұранысы артты.

Квазимемлекеттік секторда экспорттық **валюталық түсімді** міндетті сату нормасының тоқтатылуы да, АҚШ Федералды резервтік жүйесінің қатаң монетарлық саясаты

аясында **базалық ставканың төмендеуі** де теңгенің әлсіреуіне әсер етті.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансфертті қамтамасыз ету аясында **валюта сату** теңгеге қолдау көрсетті. Қыркүйекте **1 млрд 155 млн** доллар валюта сатылды.

Жыл басынан бері мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына бейрезиденттердің капитал ағыны **299 млн** долларды құрады.

Қыркүйекте **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына 200 млн** долларға **валюта сатып алынды**.

Ұлттық Банк **еркін бағам белгілеу** режимін ұстанады және **валюталық интервенциялар** жүргізген жоқ.

8-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

Жалпы халықаралық резервтер қыркүйектің соңында **89,7 млрд** долларды құрады.

Жыл басынан бері Ұлттық Банктің **алтын-валюта резервтері 31,9 млрд** долларға дейін, яғни **9%-ке төмендеді**. Бұл Ұлттық Банктің валюталық шоттарындағы **екінші деңгейлі банктер қаражатының азаюына** және мемлекеттік борышты төлеуге байланысты болды.

Ұлттық қордың активтері жыл басынан **57,8 млрд** долларға дейін **3,7%-ке**, яғни **2,1 млрд** долларға өсті. Негізгі өсім жыл басынан 4%-ті немесе **2,2 млрд** долларды құраған **инвестициялық табыс** есебінен болды.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттер **3,3 трлн** теңгені құрады. Оларды жүзеге асыру үшін Ұлттық қордың валюталық активтері **6 млрд** долларға сатылды. Қорға түскен түсімдер **3,4 трлн** теңгені құрады.

**9-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ
АКТИВТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ**

Зейнетақы активтері оң динамиканы көрсетуде. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері жыл басынан 17,2 трлн теңгеге дейін 17,7%-ке ұлғайды. Инвестициялық табыс көлемі жыл басынан бері 1,4 трлн теңгені құрады. Зейнетақы жарналары 1,5 трлн теңге, ал, жарнаны мерзімінен бұрын алу сомасы 196,1 млрд теңге болды.

Жалпы сыртқы және ішкі нарықтарда инфляциялық жағдай салыстырмалы түрде тұрақты. Ұлттық Банк макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, инфляцияны төмендету үшін қажетті шараларды қабылдауды жалғастыра береді.

Назарларыңызға рақмет!